

Сыныптан тыс тәрбие сағаты
Тақырыбы: «Алтын тәж!»

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ

- Баланың жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау.
- Балаға белгілі бір білім беріп қоймай, оны жалпыға таныту.
- Оқу білімін байқау, ойын дұрыс айтуға, сөйлеу мәдениетін үйретуге, көпшілік алдында өзін дұрыс ұстауға, сонымен бірге шапшаңдықпен алғырлыққа үйрету.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

○ I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Құрметті ұстаздар, оқушылар, қонақтар, 2 а сынып оқушыларының «Алтын тәж» атты сайыс сабағын ашуға рұқсат етіңіздер.

«Алтын тәж» сайысы 6 бөлімнен тұрады.

1. Ақ өлең оқу.
2. «Өнер алды – қызыл тіл» Мақал – мәтел.
3. «Кім епті?» ойыны. Су тасу
4. «Ой қозғау». Сөзден сөйлем құрау.
5. «Өнер сайысы»
6. «Математика – ғылым пірі»

Бұл сайысқа әрбір оқушы өзінің білім деңгейін ұлтжандылығын топ алдында көрсете алатын оқушылар қатысып отыр. Сол оқушыларға сәттілік тілеп, ортаға шақырамыз.

Біреуінің жүрегiнiң түгi бар,

Біреуінің арқалап жүрген қоғамдық жүгi бар,

Біреуінің күмбірлеген күйi бар.

Біреуінің қатты істейтін миы бар.

Талапкерлерді ортаға шақырамыз.

Айыра біл, жақсы менен жаманды
Айыра біл, қарындаш пен қаламды.
Айыра біл, соқпағында өмірдің,
Айыра біл, тапсырмаңды алдағы, - деп
сайысымызға кезек береміз.

«Мысыр» шаһарының патшасы дүниеден өтіпті.
Оның артында қалған не ұлы,
не қызы болмапты. Енді осы «Мысыр»
шаһарының патшасын сайлауымыз
керек.

1. Сайыс.

Патша ақылды, сөзге шебер, дарынды болу
керек.

Абай, Шәкәрім ізбасарлары.

«Ақ өлең оқу»

Жеті оқушы сайысқа қатысып, оларға әділ қазылар бағасын береді. Соңында қалған оқушы осы сарайдың **уәзірі** етіп сайланады.

Әділ қазылар алқасы бағаларыңызды беріңіздер.

2. Сайыс.

Өлең, мақал, жаңылтпаш, ертегі , жыр ,

Мұның бәрі жанды сөз ішінде сыр.

Елдің сәні сақталар жақсы сөзбен,

Қай жұрт болсын толыссыз осыған құл.

«Өнер алды – қызыл тіл». І. Жансүгіров.

Мақал - мәтел айту.

Бұл сайыс соңында қалған оқушы да **уәзірі** етіп сайланады.

Әділ қазылар алқасы бағасын беруін өтінемін.

3- сайыс. Патша тек ақылды емес, епті де болу керек.

«Кім епті?» ойыны.

Бұл сайыс соңында қалған оқушы сарайдың **ақыны** етіп сайланады.

Әділ қазылар алқасы бағасын берулеріңізді өтінемін.

Қонақтар сайысы.

Осында отырған қонақтар кімде-кім сыйлық тауып алса, ол сахнаға шақырылады. Және екі оқушыны шақырып, қағазбен орап жарысады.

Қонақтарға сыйлық тапсырылады.

4- сайыс.

«Ой қозғау». Сөзден сөйлем құрау.

- 1 мамыр –Қазақстан халқының бірлігі күні.
- 7 мамыр Қарулы күштер күні.
- 9 мамыр Жеңіс күні.

Әділ қазылар алқасы бағасын беруіңізді өтінемін.

1 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ



7 МАМЫР ҚАРУЛЫ КҮШТЕР КҮНІ



9 МАМЫР ЖЕҢІС КҮНІ



5-сайыс.

Өнерді көп, білген дана болар,
өнерсіздердің ісі шала болар, -демекші кезекті өнер
сайысына берейік.

«Өнер » сайысы.

Осы өнер сайысымыздың соңында қалған оқушы
осы сарайдың бишісі етіп сайланады.

Әділ қазылар алқасы бағаларыңызды берулеріңізді
өтінемін.

Патша сарай қазынасын, алтынын есептеп тұру керек.

«Математика – ғылым пірі»

$$x+45=90+7$$

$$56+x=50+20$$

Бұл сайыста қалған оқушы сарайдың бас уәзірі етіп сайланады.

Әділ қазылар алқасы бағасын беруін өтінемін.

Жеңіп шыққан оқушы «Мысыр» шаһарының патшасы етіп сайланады.

Сайысты қорытындылау:

Осымен «Мысыр» шаһарының патшасы осылай сайланыпты.

Бүгінгі «Алтын тәж» сайыс сабағы осымен аяқталды.

Сөз кезегі әділ қазылар алқасына, қонақтарға.

Осымен Мысыр

Шаһарының патшасы жеңіп шыққан оқушы патша атанды. Ол оқушы ...

Ол сынып жетекші жағынан, мектеп әкімшілігі жағынан, қонақтар жағынан мақтап мадақталды.